

## Қазақстан еңбек армияшыларының II съезін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 19 тамыздағы N 284

1. "Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық қайта өрлету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 639 P970639\_ қаулысына сәйкес Қазақстан немістерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының 1997 жылдың 28-29 тамызында Алматы қаласына Қазақстан еңбек армияшыларының II съезін өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан немістерінің қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының аймақтық бірлестіктеріне съездің делегаттарын сайлауда, оларды Алматы қаласына жіберуде практикалық көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі, Ғылыммині - Ғылым академиясы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан еңбек армияшыларының II съезіне дайындалуда және оны өткізуде жәрдем көрсетсін.

4. "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктерінің қауымдастығы аймақтық ұйымдарының өтінімдері бойынша съезд делегаттарының Алматы қаласына жол жүруі және одан қайтуы үшін поездардан орындар бөлсін.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі - шетелдік съезге қатысушылардың келу құжаттарын уақытында ресімдеу жөнінде шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр